

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев
ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесін қосу жолымен коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру
туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2020
жылғы 19 наурыздағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 шілдедегі № 127 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 58 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің 18-тармағынан 23-1) тармақшасы алынып тасталсын;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережедегі 17-тармақ мынадай мазмұндағы тармақшалармен толықтырылсын:

23-1) азаматтарды тілдік қағидат бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

23-2) мандайшаны аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналастыру туралы хабарламалар "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдансын және қарауы жүзеге асырылсын.

17-тармақтың 27) тармақшасы мынадай мазмұнмен толықтырылсын: Заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексінің 729-бабының 75-бабында 2-1) тармақшасында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің *Д. Тасмағанбетов*
м.а.